№56 жалпы орта білім беретін мектебі

# 2024-2025 оқу жылындағы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде атқарылған іс-шаралардың қорытынды есебі

2024-2025 оқу жылы

**2024 -2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»негізінде атқарылған жұмыстардың қорытынды есебі.**

***2024-2025 оқу жылында Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілде №194 бұйрығын, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2024 жылғы 06 тамыз №380 бұйрығын ,Ақтөбе қаласының білім бөдімі 21 тамыз №375 бұйрығын басшылыққа алып, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»негізінде жүзеге асырылды.***

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі кешенді жоспарына сүйене отырып, тәрбие жұмысының жылдық жоспары жасалынып, мектеп директорымен бекітілген. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалған.

**Мақсаты:** қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

**Міндеттері:** Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру: басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу; өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:
әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

**Күтілетін нәтиже:** Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және д **Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамытуамыту күтіледі:**

**Бастауыш мектеп түлегі:**

мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;отбасының құндылығын түсіну;тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

**Негізгі орта мектеп түлегі:**

Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну; Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсету;Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, ұлттық мерекелерге құрмет көрсету;азаматтық және ұлттық бірегейлікті түсіну; мемлекеттік тілді меңгеру; Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және оны әрі қарай дәріптеу бойынша волонтерлік қызмет пен жобаларға қатысу; әр түрлі ұлт өкілдерімен сыйластық қарым-қатынас; Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын болу.

**Жалпы орта мектеп түлегі:**

халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну; ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну;мемлекеттің тарихи және мәдени мұрасын, дәстүрлерін, мерекелерін құндылық ретінде бағалау; мемлекеттік тілді жетік меңгеруге және оны белсенді қолдануға ұмтылу; отандық және әлемдік мәдениетті танудың құралы ретінде оқуға деген тұрақты қызығушылық; Отанын қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің егемендігі мен қадір-қасиетін дәлелді түрде қорғай білу.

**Құндылық: бірлік және ынтымақ Құзыреттілік: тиімді коммуникация**

**Бастауыш мектеп түлегі:**

командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;

өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;

тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

**Негізгі орта мектеп түлегі:**

қоғамдағы әлеуметтік нормаларды, ережелерді білу және түсіну;сенімді қарым-қатынас орнату және сыныпта жағымды ахуалды сақтай білу;тек өзі үшін ғана емес, жалпы ұжым үшін де жауапты болуға дайын болу;бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу;басқалармен жағымды қарым-қатынас орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосу.

**Жалпы орта мектеп түлегі:**

әлеуметтік, іскерлік және ресми контексте жалпы және ұлттық этикет нормаларын қолдану;

ортақ мақсатқа жету үшін басқалармен бірлесіп әрекет ету және өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындау;басқа адамның сезімін және эмоционалды жай-күйін түсіну;

қоғамның игілігіне, қоршаған ортаны қорғауға және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған іс-әрекеттер мен шешімдерде қоғам алдындағы міндеттерді жүзеге асыру және орындау;

мектептегі және мектептен тыс іс-шаралар мен волонтерлік қызметте басқаларға көмектесуге және қоғамдық пайдалы істерге қатысуға дайын болу.

**Құндылық: әділдік және жауапкершілік Құзыреттілік: қоғамға қызмет**

**Бастауыш мектеп түлегі:**

шындықты айту;

достыққа адал болу;

жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;

өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;

заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

**Негізгі орта мектеп түлегі:**

өз әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру;әдеп нормасына сәйкес өзінің және басқалардың іс әрекеттерін талдау;оқу тапсырмасын орындауда табандылық таныту;берілген ортақ іс үшін ұжым алдындағы жауапкершілікті түсіну;басқаға көмектесуге, мейірімділік танытуға дайын болу;

**Жалпы орта мектеп түлегі:**

нәсіліне, жынысына, жасына, дініне және басқа да ерекшеліктеріне байланысты кемсітусіз барлық адамдар үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қағидаттарын басшылыққа ала білу; әр адамның еңбегін мен қадір-қасиетін әділ бағалау, оның жеке басына құрмет көрсету және қарым-қатынаста сыпайылық таныту қағидаттарын басшылыққа ала білу;қаржылық, материалдық және уақыт ресурстарын ұтымды және ұқыпты қолдану;белгіленген стандарттардың, нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету және оған сәйкес әрекет ету; тапсырманы жоспарланған мерзімге сәйкес уақытылы және сапалы орындау.

**Құндылық: заң және тәртіп Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық**

**Бастауыш мектеп түлегі:**

өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау; қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар

қабылдауда көрген немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

**Негізгі орта мектеп түлегі:**

құқықтық жүйе мен адам құқығы негіздерін білу;тәртіп пен әділдік, нормалар мен ережелерді сақтау қажеттілігін түсіну;қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу.

**Жалпы орта мектеп түлегі:**

өз ойларын, эмоцияларын және мінез-құлқын бақылау, қоғамдық игілік мүддесі үшін күнделікті жағдайларда белгіленген ережелер мен рәсімдерді, үйлесімді әлеуметтік қатынастарды сақтау;
моральдық принциптер мен нормаларды және оқу-танымдық іс-әрекеттегі адал мінез-құлықты ұстану;тұрақты даму принциптерін өмір салтына айналдыру, баламалы энергия көздерін пайдалану, табиғи ресурстарды үнемді тұтыну;

**Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік Құзыреттілік: инновациялық ойлау**

**Бастауыш мектеп түлегі:**

мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол жеткізуге ұмтылу;өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

**Негізгі орта мектеп түлегі:**

өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелерін бағалау;түрлі мамандықтар мен олардың қызмет ерекшеліктерін зерттеуге қызығушылық таныту; өз уақытын тиімді жоспарлай білу және кез келген қызметтің нәтижелеріне қол жеткізу үшін күш салу;еңбек қоғамдық және табысты болудың негізі екенін түсіну;жеке мүдделерді, қажеттіліктерді ескере отырып, білім мен өмірлік жоспарлардың жеке траекториясын саналы түрде таңдауға және құруға дайын болу.

**Жалпы орта мектеп түлегі:**

тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті академиялық және техникалық, заманауи технологиялар мен әдістер туралы білімінің болуы; өзін-өзі ұйымдастыру, міндеттерге басымдық беру, жұмыс уақытын жоспарлау;нәтижелерге қол жеткізу және жақсарту үшін күш салуға дайын болу;еңбек әдебі мен сапа стандарттарын түсіну;дамуға және оқуға үнемі ұмтылу.

**Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық Құзыреттілік: шығармашылық**

**Бастауыш мектеп түлегі:**

қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасай алу; жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде қолдана алу;инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа да технологиялық дағдыларды меңгеру;
жаңа тәсілдер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу; өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығы мен салдарын түсіну.

**Негізгі орта мектеп түлегі:**

тапсырмаларға шығармашылықпен қарай білу, өз шешімдері мен идеяларын ұсына білу;
өз бетінше әрекет ету және жобаларды іске асыру;бақылау, өлшеу, эксперименттер мен тәжірибелер жүргізу;модельдеу, таным объектілерінің құрылымын анықтау, бір бүтіннің әртүрлі бөліктері арасындағы қатынастарды іздеу және бөлу, процестерді кезеңдерге бөлу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтай алу; оқу есептерін шешудің оңтайлы тәсілдерін таба білу, ол үшін жаңаларын қолдану және бұрыннан таныс алгоритмдерді біріктіру, оларды стандартты емес есептерді шешуге қолдана алу; әр түрлі таным құралдарын қолдану дағдылары, әлем туралы білім жинақтау (тілдік, оқырмандық мәдениет, ақпараттық, цифрлық ортадағы қызмет).

**Жалпы орта мектеп түлегі:**

зерттеу жүргізу және ғылыми тәсілді қолдану қабілеті;ақпаратты талдау және бағалау;жаңа идеяларды ұсыну;заманауи цифрлық құралдар мен технологияларды меңгеру;мақсаттарға жету

үшін бастаманы ұсыну, жаңа мүмкіндіктер іздеу және идеяларды іске асыру барысында ресурстарды тиімді пайдалану.

**2024-2025 оқу жылында мектептің тәрбие қызметінің кадрлық құрамына сипаттама.**

| № | Аты-жөні | Күні, айы, жылы | Лауазымы | Курс | Пед.стаж | Санаты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Имашева Айнур Утегеновна | 27.07.1978 | Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары | «Управление качеством образования в условиях устойчивого развития» 25.09-06.10.2023 | 25жыл 10ай | 2санат лауазым бойынша Педагог-зертеуші |
| 2 | Джамбаева Раушан Жумабековна | 08.01.1979 | Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары | «Управление качеством образованияв условиях устойчивого развития» 25.09-06.10.2023 | 22 жыл | 1санат лауазым бойынша Педагог-сарапшы |
| 3 | Сатанова Жазира Амантайқызы | 03.05.1993 Пед стаж: | Педагог-психолог | Курс : Зорлық-зомбылықтың алдын алу | 8жыл 4 ай | педагог-сарапшы |
| 4 | Тоқ Әлия | 06.06.1995 | Әлеуметтік педагог | - | 8 жыл 6 ай | - |
| 5 | Аккалышева Галия Оразқызы | 03.06.1998 | Педагог ұйымдастырушы | - | 2 жыл 9 ай | - |
| 6 | Хамит Бекзат Куанышұлы | 24.11.2001 | Тәлімгер | - | 1 жыл 6 ай | - |

**Сынып жетекшілердің сандық және сапалық құрамы**
**2024-2025 оқу жылы**

| Мазмұны | Зерттеуші | | Сарапшы | | Модератор | | Ескі санат | | Санаты жоқ | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | саны | % | саны | % | саны | % | саны | % | саны | % |
| **1 – 4 сынып** | 13 | 15,2% | 9 | 10,5% | 8 | 9,4% | 0 | 0% | 6 | 7,0 % |
| **5 – 9 сынып** | 4 | 4,7% | 15 | 17,6% | 15 | 17,6% | 1 | 1,1% | 4 | 4,7 % |
| **10 – 11 сынып** | 5 | 5,8% | 3 | 3,5% | 2 | 2,3% | 0 | 0% | 0 | 0% |
| **Барлығы** | 22 | 25,8% | 27 | 31,7% | 25 | 29,4% | 1 | 1,1% | 10 | 11,7% |

**2024 -2025 оқу жылында** Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу – тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатында мектептердің ата – аналар қауымдастығымен өзара іс – қимылын нығайту, ата – аналарды педагогикалық қолдау орталықтары құрылды.Ата-ана мен мектептің қарым- қатынасы – ұрпақ тәрбиесінің қайнар бұлағы. Мектептегі тәрбие жұмысының нәтижелігінің бір ұшы ата-аналармен, қоғамдастықпен мектептің бірлескен әрекетінде.

Ата-аналардың мектеппен ынтымақтастығының басты баспалдақтарының бірі- оқу жылында өткізілетін ата-аналар оқуы болып табылады. Ата–аналармен тұрақты байланыс орнату. Жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл-парасатты, ой-өрісі биік азамат етіп тәрбиелеу - қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы-жанұясы. Жанұялық тәрбие ата-ана менбала арасындағы қарым-қатынстық жүйе. Олай болса, ата-ана осы жүйені ғылым мен өнер ретінде жан-жақты меңгеру қажет. Сондықтан мұғалім мен ата-аналардың өзара қатынасы міндеттерінің ең негізгісі –психологиялық - педагогикалық білімдерін көтеру болып табылады.«Ата – аналарды педагогикалық қолдау» орталығы аясында өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруде ата – анамен бірлесе жұмыстар жүргізу.

**Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты:**позитивті ата – ана мәдениетін дамыту арқылы балалардың әл- ауқатын, тұлға ретінде үйлесімді дамуын қамтамасыз ету үшін орта білім беру ұйымдары мен ата – аналар арасындағы тиімді өзара әрекеттестікті нығайту.

**Орталықтың міндеттері:** Балалардың саламаттығын қамтамасыз ету үшін ата – аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық – педагогикалық және әлеуметтік құзыретін дамытуға арналған жүйелік педагогикалық қолдауды ұйымдастыру.Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда білім беру ұйымы және отбасы арасындағы өзара әрекеттестікті нығайту.Балалардың саламаттығын үдерісте қамтамасыз ету бойынша балалардың тәрбиесі мен дамуына ата – ана жауапкершілігін арттыру.

**Жүзеге асу принциптері:**

- ✓ Ұлттық мәдениет, құндылықтар мен дәстүрлердің сабақтастығы;
- ✓ Үдерістің гуманистік бағыттылығы;
- ✓ Ата – аналарға дифференциалды және жекелей қолдау көрсету;
- ✓ Заманауи ғылым мен тәжірибенің озық үлгілерін пайдалану;
- ✓ Әлеуметтік серіктестікке басымдық беру, ресурстық ұйымдар мен біліктілікті эксперттерді тарту;

**Ата – аналарды педагогикалық қолдау көрсету** орталықтарындағы сабақтардың мазмұны орта білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасына»және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың әл – ауқатты контексіндегі ұлттық құндылықтарға негізделеді. Педагогикалық қолдау 1 -11 сынып оқушыларының ата – аналарына арналған бағдарламаларды таңдауына сәйкес жүзеге асырылады.Педагогикалық қолдау бағдарламасы әр буын бойынша жыл көлемінде сегіз сабақты қамтиды.Атап айтсақ: мектебімізде ата – аналар оқуы әр буын бойынша ай сайын өтіп отырады.

**1-11 сынып ата – аналарымен төмендегідей тақырыптарда педагогикалық қолдау сабақтары өткізілді.**

1. 26.09.2024 ж «Жақсыдан қашпа, жаманға баспа...» тақырыбында
1 - 11 сынып оқушыларының ата-аналарына жиналыс өткізілді.Жауапты мамандар: Наримбетова Г.М.Джамбаева Р.Ж. Сатанова Ж.
https://www.instagram.com/reel/DAcp7e2IyH5/?igsh=MWRzcmw0anV2MGhk
2. 23.10.2024 ж. «Баланың бас ұстазы – ата-ана» тақырыбында
1 - 11 сынып оқушыларының ата-аналарына жиналыс өткізілді.Жауапты мамандар:

Айтмағамбетова А.А.Раймкулова А.Б.Утепова З.У.
https://www.instagram.com/p/DCW8sbgs0yY/?img_index=4&igsh=NHc2a3E4ZmZ6cTdv

3. 14.11.2024 ж. «Ақыл айтпа, жол көрсет» тақырыбында
1 - 11 сынып оқушыларының ата-аналарына жиналыс өткізілді.Жауапты мамандар: Жалғас А.А.Байбосынова Ш.Н.Сарбалина А.А.
4. «Логикалық ойлауды үйрену.» тақырыбында
1-4 сынып оқушыларының ата-аналарына дөңгелек үстел өткізілді.Жауапты мамандар: Нұрғалиева Ж.Н.Пыхтеева А.В.Жылқыбаева А.А.
https://www.instagram.com/reel/DFKDG4hs0ji/?igsh=M2pubGk2YTUwcWg2
5. 12.12.2024 ж. «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер» тақырыбында
1-11 сынып оқушыларының ата-аналарына треннинг өткізілді.Жауапты мамандар: Жоламанова Г.С.Тлембаева Г.А.Изтлеуова З.С.

6. 22.01.2025 ж. «Бала жүрегіне жол табу»тақырыбында1-11 сынып оқушыларының ата-аналарына жиналыс өткізілді.Жауапты мамандар: Бимагамбетова Б.К.Танирбергенова М.Ж.Сулекенова Г.У.
https://www.instagram.com/reel/DF0LvDfMksR/?igsh=cWI2NTM2ZWc3eW5q
7. 19.02.2025 ж. «Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...»
тақырыбында1-11 сынып оқушыларының ата-аналарына тренинг өткізілді.Жауапты мамандар: Кулумжанова А.С.Ибрашева М.Р.Мауленбергенова Ш.М.
https://www.instagram.com/reel/DGDLhwRM5r3/?igsh=MXJsZzJ5d2F3ZXN6Mw==

8. 12.03.2025 ж. «Ақпараттан ақ - қараны ажырату өнері»тақырыбында1-11 сынып оқушыларының ата-аналарына дөңгелек үстел өткізілді.Жауапты мамандар: Мендыбаева Ж.Б.Каиргалиева Л.Ж.Жубанышева Н.Н.
https://www.instagram.com/reel/DGDLqZbsuRq/?igsh=MXduc2d5bmxra3Nweg==
9. 16.04.2025 ж. «Әр нәрсенің өлшемі бар...»тақырыбында10-11 сынып оқушыларының ата-аналарына жиналыс өткізілді.Жауапты мамандар: Утеген Ж.Р.Игиликова А.Е.Руссо Г.В.
https://www.instagram.com/reel/DISvyeSIXUX/?igsh=MW4xM2g4YnY1eGFxNA==
10. 16.04.2025 ж. «Әр нәрсенің өлшемі бар...»тақырыбында 5-9 сынып оқушыларының ата-аналарына жиналыс өткізілді.Жауапты мамандар: Утеген Ж.Р.Игиликова А.Е.
https://www.instagram.com/reel/DISw3hLotOj/?igsh=Nm01dThkcTEwN3g=
14.05.2025 ж «Атадан өсиет, анадан қасиет»тақырыбында1-11 сынып оқушыларының ата-аналарына мастер-класс өткізілді.Жауапты мамандар: Туысова А.Е.Тенелбаева А.Т.Боранбаева А.А.
https://www.instagram.com/reel/DJr1X0CsJv4/?igsh=cm1yc3FmMWJocHRo

- ✓ **Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталық сабақтарында ата – аналармен өзара әрекеттесу үдерісінің ерекшеліктерін 4 топқа бөліп қарастыруға болады.**

**1.Эмоционалды көңіл – күй қалыптастыру.** Бұл кезде ата – аналар сабақ тақырыбын ұғынады:ойындарға, тестерге қатысады, сұрақтарға жауап береді. Нәтижесінде: Сенімге негізделген қатынастар орнайды, білім беру үдерісіне қатысу қамтамасыз етіледі.

**2.Ақпараттық болк: миға шабуыл, эксперимент, блиц – сұрақтар, сторителлинг, бейнематериалдар.**Ата – аналар тарапынан ойланады, талқылайды, талдайды,қорытынды жасайды, QR код пен әдебиетке сілтемелерді пайдаланады.Нәтижесінде: Қойылған мәселелердің өзектілігін түсінеді, ананың, әкенің рөлі, балалардың жас ерекшеліктері туралы түсініктерін тереңдетеді.

**3.Практикалық іс – әрекет: тренингтер, хакатон, ворк –шоп, кейс – стади,жаттығулар, іскер ойындар, рөлдік ойындар, шағын пікірталастар және т.б.**Ата – аналар тарапынан өз

ұстанымдарын айтады,шешім ұсынады, рөлдерді орындайды, өз тәжірибелерімен бөліседі, бір – бірінен үйренеді, шағын жобалар, алгоритмдер жасайды, шығармашылық тапсырмаларды орындайды. **Нәтижесінде**:Отбасындағы қарым – қатынас, белсенді тыңдау, жанжалды реттеу, күйзеліске төзімділікті дамыту, стандартты емес жағдайларды шешу дағдыларын игереді.

**Ата – аналардың педагогикалық қолдау орталығының негізінде «Даналық мектебі» клубы құрылды. «Даналық мектебі» клубының қызметі білім беру ұйымының позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмыстың ажырамас бөлігі болып табылады.**

✓ **«Даналық мектебі» клубы қызметінің мақсаты** – аға буынның педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу.

**Клубтың міндеттері:**

- ▶ аға буынның бастамашыл және ресурстық өкілдерін позитивті ата-ана мәдениетін дамыту жөніндегі жұмысқа тарту;
- ▶ ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді білім берудің негізгі өзегіне айналдыруға жәрдемдесу;
- ▶ өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесін таратуға ықпал ету.
- ▶ **«Даналық мектебі» клубының қызметінен күтілетін нәтиже:**
- ▶ позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және өскелең ұрпақты тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешу үшін аға буынның тәжірибесін табысты пайдалану.

Әрбір қызмет бағытының орасан зор педагогикалық әлеуетін ескере отырып, әрбір білім беру ұйымында клубтың барлық жұмысы атқарылды:

1. «Ата өсиеті» бөлімі бойынша қараша айында «Туыстық қарым-қатынас баға жетпес байлық» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылып өтті. Аталған кездесуде балалар атамыздың ақ батасын алып, қазақ халқы үшін құнды болып табылатын туыстық қарым - қатынас мәдениеті, туыстық атаулар, "Жеті ата", "Нағашы жұрт", "Өз жұртың" сияқты т.б ұғымдармен терең танысты. https://www.instagram.com/reel/DDNJgYqMu2X/?igsh=Z3JhMjNpNmZqZmRz
2. «Ата өсиеті» бөлімі бойынша наурыз айында «Ата кәсіп берекенің бастауы» тақырыбында іс- шара ұйымдастырылып өтті. Аталған іс шарада
   "Ата кәсіп" – бұл ата-бабалардан мирас болып келе жатқан дәстүрлі кәсіп, яғни мал бағу, егін егу, қолөнер, аңшылық, зергерлік, ұсталық, тері илеу, т.б. кәсіп түрлері екендігі ұғындырылды.
   "Берекенің бастауы" – молшылықтың, тыныш өмір мен тұрақты табыстың негізі, көзі екендігі айтылд.Балалар,"Атадан қалған кәсіппен айналыссаң, несібең артып, өміріңде береке-бірлік, тұрақтылық болады" дегенді білді. Аталған іс - шара арқылы балалар қазақ халқы өз ұрпағын ата-бабалар кәсібіне құрметпен қарауға, жалғастыруға, соның игілігін көруге шақырғандығын ұғынды. https://www.instagram.com/reel/CxD12c2sozI/?igs
   https://www.instagram.com/p/DBG3lRus8WN/?igsh=ZWRzNjFlN2pva3k
3. «Әже даналығы» бөлімі бойынша желтоқсан айында«Әжелердің өшпейтін өнегелі үлгісі» тақырыбы аясында оқушыларғақазақ қоғамындағы әже образы, әженің тек отбасындағы үлкен адам ғана емес екендігін оның бүкіл ұрпаққа тәлім-тәрбие беруші, рухани ұстаз, салт-дәстүр мен ұлттық болмыстың сақтаушысы екендігі ұғындырылды. Әжелеріміздің өмірі — өнеге мен парасаттың, төзім мен мейірімнің нақты көрінісі туралы айтылды. https://www.instagram.com/p/DJ9U92goAuL/?img_index=1&igsh=dHJjNXc5ZHQ0bnl5
4. «Әже даналығы» бөлімі бойынша сәуір айында«Әжелердің өнегелі өмір жолы» тақырыбында өткізілген іс – шарада әжелердің ұрпаққа бағыт беретін шамшырақ іспетті екендіктері айтылды. Кездесу барысында әжелерден қалған өмірлік сабақтар мен тағылымды

тәрбие — мәңгілік мұра екендігі аталды. Жастарымыздың сол өнегеден үлгі алып, өз болмысын қалыптастырып, ұлттық рухты сақтауы қажет екендігін ескере отырып, аталған іс - шарада әже даналығы туралы тағылымы терең тәрбие берілді. https://www.instagram.com/reel/DHXXHXjIKpg/?igsh=ODJ0MjFvZ3ljY3Vt

5. «Әке қамқорлығы» бөлімі бойынша қаңтар айындабалалар мен жасөспірімдердің бойында жақсы мінез-құлық қалыптастыру, теріс қылықтардан аулақ болуға үйрету мақсатында «Жирен жаман әдеттен» тақырыбында кездесу ұйымдастырылып өтті.Аталған іс-шарада балалар адамгершілік пен дұрыс өмір салтына баулитын қағидалармен таныстырылды. https://www.instagram.com/reel/DDZU01CMXdK/?igsh=emZ6YnM1dW04NDhw
6. «Әке қамқорлығы» бөлімі бойынша ақпан айында"Аға болсаң ақыл айт" тақырыбында ұйымдастырылған кездесуде оқушылардың бойында үлкеннің кішіге үлгі болуы, тәрбие мен тәлім берудің маңызы, оқушылардың бойындағы жауапкершілік, үлкенге құрмет, кішіге қамқор болу және ер балалардың бойында нағыз азаматтық қасиеттерді дамыту туралы айтылды.
https://www.instagram.com/reel/DF0LvDfMksR/?igsh=cWI2NTM2ZWc3eW5q
7. «Ана кеңесі» бөлімі бойынша наурыз айында «Анам мінезімен көркем» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылып өтті. Іс - шара барысында оқушылардың бойында анаға деген құрметті арттыру,оқушылардың бойында мейірімділік, сыйластық, кішіпейілділік қасиеттерін дамыту, отбасы құндылықтарын дәріптеу, ана тәрбиесінің маңызын түсіндіру жұмыстары жүргізілді.
https://www.instagram.com/reel/DJYyIyeIajR/?igsh=MXMyMGR5dngyenB1MQ=
8. «Ана кеңесі» бөлімі бойынша мамыр айында"Отбасы құндылығы" (аналарға жеті кеңес) кездесу барысында аналарға отбасындағы ананың рөлін, аналық мейірімді, тәрбиенің маңызын насихаттау жұмыстары жүргізілді.Аналар арасында ашық пікір алмасып, өзара тәжірибе бөлісті.
https://www.instagram.com/reel/DG5NerUMVn2/?igsh=MTNlbXExZG00MW1zMQ==

**Ата – аналармен жұмыс.**

Мектептегі тәрбие жұмысының нәтижелілігінің бір ұшы ата-аналар мен қоғамдастықпен мектептің бірлескен әрекетінде екені еш уақытта күмән туғызбайды. Бала тәрбиесі мен дамуындағы басты рөл атқарушы отбасы. Бала өмірінің басым бөлігі отбасында өтеді. Сондықтан бала мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі оның алғашқы ұстазы - ата-анасы. Мектеп пен отбасының ынтымақтастығын жүзеге асыруда сынып жетекшісі негізгі рөл атқарады. Сынып жетекшісінің жұмысынан отбасы мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің мәні мен маңызын, ұстанатын бағыттарын түсінеді әрі оған қатысады. Оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беруде ата – ана - оқушы - мұғалім үштік одағы тығыз жұмыс атқарады. Әртүрлі формада ата – аналар жиналысы, оқулары өткізіледі.

2024 жылдың 12 қыркүйек күні жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы

Күн тәртібінде / Повестка дня

1.Жаңа оқу жылында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері./Особености организации учебного процесса в новом учебном году Наримбетова Гульнара Мухангалиевна

2. Құқықбұзушылықтың алдын алу – ең өзекті мәселе / Профилактика правонарушений - самый актуальный вопрос

Балалардың жол жарақаттарының алдын алу/Профилактика детского дорожного травматизма Мухамбетказина Аймереке Нурмухановна, Искалиев Нуржан Кенжетайулы

3. Ыстық тамақты ұйымдастыру/ Организация горячего питания Ошанова Аягуль

4. АЛАҚАН

5. Үйірмелер мен спорт секцияларын ұйымдасытыру/Организация кружков и секций Джамбаева Р.Ж.

6. Жеке тұлғаны қалыптастырудағы ата-анамен мектеп бірлігінің маңызы/ Важность школы и родителя в формировании личности
Оқушылардың бөгде сайттарға (діни лангестік сайттарға) кірмеуін қадағалау.
Мектеппсихологы-СатановаЖазира
https://www.instagram.com/reel/C_zaYIxINew/?igsh=MXFkNHU2dW5rc3A5Yg ==
2024 жылдың 14 қыркүйек күні 1-11 класс ата-аналарының жиналысы өтті.
https://www.instagram.com/p/C_3ac-ssg25/?img_index=3&igsh=ZXI1NGd5eTZmMTQy
2024 жылдың 26 қыркүйегінде білім ордамызда "Бала қауіпсіздігі - қоғам келешегі" тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Күн тәртібінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын өзектендіру мәселесі қойылды.Қазір қоғамды алаңдататын өзекті мәселелердің бірі - балалардың әлеуметтік желілердегі қауіпсіздігін талқылау және тосқауыл қоя білу мектеп пен ата-ана тарапынан жасалған бірлескен жұмыстарымен нәтежиелі болатыны ескерілді.
Талқыланған негізгі қауіптер:-интернеттегі қауіптер;-шынайы өмірдегі буллинг және кибербуллинг;
-балалар арасында өсіп келе жатқан тренд болған онлайн ойындар;-баланы қайғылы жағдайларға итермелеуі мүмкін кітаптар мен сайттар;-әлеуметтік желідегі алаяқтар;
https://www.instagram.com/reel/DAcp7e2lyH5/?igsh=MWRzcmw0anV2MGhk
2024 жылдың 14 қараша күні жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті
Күн тәртібінде:
1. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ата-аналардың рөлі.
2. Кәмелетке толмағандардың уақытын өткізуге жеткіліксіз бақылау және физикалық және психикалық зорлық-зомбылықпен (жыныстық қол сұғылмаушылық) байланысты зардаптарды білу үшін ата-ананың жауапкершілігі.
3. Зайырлы қағидаттарды нығайту, құқық бұзушылықтардың алдын алу және діни экстремизм мен терроризм идеяларынан қорғау.
https://www.instagram.com/p/DCWARijs_5I/?img_index=1&igsh=MTVjanQ5bDNyOHRydw==
2024 жылдың 15 қараша күні 1-11 класс ата-аналарының жиналысы өтті.
https://www.instagram.com/reel/DCYgtAAsK4Z/?igsh=MWJybXJqZGV4N2c2dw ==
29 қараша күні "Ата-ана мен білім беру ұйымы бір мүдде" атты бірыңғай онлайн ата-аналар жиналысы өтті.#ЗАҢЖӘНЕТӘРТІПАҚТӨБЕ
https://www.instagram.com/p/DDJsi9XMsWp/?img_index=6&igsh=azBmZG5kbG9mdm5l
2024 жылдың 30 желтоқсан күні 1-11 класс арасында қысқы каникул кезінде «Қауіпсіздік негіздері» пиротехникалық құралдарын пайдалану кезінде ережелері, қауіпсіздік техникасы бойынша және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар тақырыптарында ата-аналарға онлайн режимде жиналастар өткізілді.
https://www.instagram.com/p/DELMSztMsGa/?img_index=2&igsh=aGxhcnhwZjFzcWZv
2025 жылдың 22 қаңтар күні "Балалар қауіпсіздігі - басты назарда" атты ата-аналар жиналасы өткізілді. (1-11 кл).
https://www.instagram.com/reel/DFJvM8jITXr/?igsh=ODF4NWh0amJoYjY5
2025 жылдың 21 ақпан күні білім ордамызда ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыста заманауи шындықтағы дәстүрлі отбасылық құндылықтарды сақтау, діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес, құқық бұзушылықтарды алдын алу, лудомания, түнде мезгілсіз уақытта жүру және интернет алаяқтарынан сақтану және нашқорлықты алдын алу тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Бұл шараға Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқарма бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Калиев А.С., №2 КПБ КТЖ УПИ полиция капитаны Муханбетказина А.Н. мен аға-лейтенант Бисен М.Б. және "Аңсар" ақпараттық талдау орталығының өкілдері Құрманов Айбек Болатұлы мен Саматов Сапар Саматович қатысып, маңызды ақпараттармен бөлісті. https://www.instagram.com/reel/DGYH-LHsBRy/?igsh=MWJ1MGt3ZGQ0bDBrMg==
2025 жылдын сәуір айында өткен жалпы ата-аналар жиналысы
1.Кәсіптік бағдар беру

2.Баланың дұрыс кәсіби бағдарлануына отбасының көмегі.
2025 жылы мемлекеттік қорытынды аттестаттауды өткізудің нормативтік-құқықтық негіздері (9-сынып ата-аналары үшін)
2025 жылы мемлекеттік қорытынды аттестаттауды өткізудің нормативтік-құқықтық негіздері (11 сынып ата-аналары үшін).
https://www.instagram.com/reel/DJ6RRwBoqzn/?igsh=ajZzZHhtNnY2dWtj
2025 жылдын 9 сәуір күні кезекті ата-аналар жиналысы өтті 8-11(кл).
https://www.instagram.com/reel/DIQ3gLKsSJB/?igsh=MWh1ZWI2MGIyd2phag==
2025 жылдың 31 мамыр күні кезекті ата-аналар жиналысы өтті 1-11кл.
https://www.instagram.com/reel/DKUQ9zqID1i/?igsh=d2dpMmw4MWdranR3

## Тәрбие бөйынша іс-шаралар

**«Қыркүйек – еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік айы»**

«Мектеп-мейірім мекені!» білім күні!

**Бірыңғай класс сағаты. Қауіпсіздік сабағы.**

Мектебімізде «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты мен Қауіпсіздік сабағы(10 мин) өткізілді. Сынып сағатының мақсаты: Туған жерін,Отанын сүюге,егеменді еліміздің рәміздерін құрметтеуге,туған еліміздің өткен тарихын ұмытпай,еске алып отыруға,елімізді бабаларымыз сияқты қорғай білуге,ата-бабадан дәстүр боп келе жатқан өнеге-салтымызды, ана тілімізді сүйіп,оны сақтай білуге тәрбиелеу.

« Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбында викториналық сұрақтар, сұрақ-жауап ойындары ойнатылды, Оқушылар сынып сағатына белсене қатысып, Отанымыз Қазақстан туралы көптеген мәліметпен танысты.

Сабақтың келесі бөлімінде қауіпсіздік ережесі туралы сұрақ – жауап бөліміне тоқталып, «Жолда жүру ережесі» туралы видеороликтер, слайдтар көрсетіліп, толық ақпарат берілді.

5 қыркүйек – Қазақстан халықтарының тілдері күніне орай, мектебіміздің кітапханасында «Тілім менің ғасырларға аманат»(А.Байтұрсыноатың туған күніне орай) тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды Мақсаты – оқушыны өз ана тілін сүюге, құрметтеуге баулу. Қазақ тілі мемлекеттік тіл болғандықтан, тілдің дамуы мен пайдалануына мән беру. 9 "Ә" класында «Тілім менің - ғасырларға аманат» тақырыбында сыныптан тыс шара өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, жас ұрпаққа ана тіліміздің қадір-қасиетін дарыту, туған тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған аға ұрпақ өкілдерінің еңбектерін оқып үйрену,қазақ тілінің мәртебесін көтеру, жүйелі айта алуға, халық алдында сөйлеуге баулу.

5 қыркүйек – Қазақстан халықтарының тілдері күніне орай, «Тілім менің – ғасырларға аманат» атты өлеңдер шеруі ұйымдастырылды.

«Жол қауіпсіздігі» тақырыбында бірыңғай класс сағаттары мен «Қауіпсіздік сабағы» өткізілді. Мақсаты: Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру ,еске сақтауға үйрету,жол қауіпсіздігін, өз өмірлерін сақтай білуге тәрбиелеу. Жол белгілерін айыра білу дағдыларын қалыптастыру ,жол ережесін білудің маңызды екенін түсіндіру көзделді.Жол тәртібін білейік,аман-есен жүрейік деп балаларға толық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

**Отбасы күніне аранлған «Әкем, анам және мен» спорттық эстафетасы.**

Отбасы күніне орай, 1 класс ата-аналары арасында «Әкем, анам және мен» спорттық эстафетасы ұйымдастырылды. Сайысқа ата-аналар мен оқушылар белсене қатысып, бар күштерін салды. Әр кластан қолдаушы жанкүйерлер ретінде басқа да ата-аналар мен оқушылар қатысты. Сайыс қызықты, әрі тартымды өтті.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында және Отбасы күніне орай, ағымдағы жылдың 9 қыркүйек күні 3-11 сынып білім алушылары арасында жаппай диктант алынды.

Білім ордамызда 10 қыркүйек күні жоғарғы сынып оқушыларымен "Адалдық сағаты " өткізілді. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті дайындаған бейнероли көрсетілді. Мақсаты: өскелең ұрпақтың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру,адалдық пен әділдікке тәрбиелеу, мейірімділік пен игі істер туралы дұрыс түсінік қалыптастыру.

**Буллингтен қорған!**

№56 ЖОББМ оқушылары «Досболlike» буллингке қарсы бағдарламасы аясында «Менің сыныбым буллингке қарсы» атты республикалық бейнероликтер челленджін қолдайды.

Челленждің мақсаты - балалар мен жасөспірімдер арасында буллинг мәселесіне оқушылар мен мұғалімдердің назарын аудару, буллингке қарсы сана-сезімдерін қалыптастыру.

Еңбек түбі – береке!Бірыңғай класс сағаттары«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі. **Қазан ай – «тәуелсіздік және отаншылдық»«Қоғамға қызмет ету» волонтерлік қызмет «Қамқор» жобасы**.

Бірыңғай класс сағаттары.

**«Даналық ұстаздан» Шабыт челленджі.** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім департаменті «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жоспарына сәйкес, «Ұстаздар күні» мерекесіне орай, өскелең ұрпақтың ұстаздарға құрметі мен сүйіспеншілігін арттыру мақсатында Республикалық «Даналық ұстаздан» челлендж ұйымдастырылды.

**Дублер күні!**№56 Жалпы білім беретінің мектебінің "Парламент" өзін-өзі басқару ұйымы мен "Жасұлан" балалр мен жасөспірімдер ұйымының ұйымдастыруымен "Дублер күні" өтті. Өткізілген шараның мақсаті Мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру.Дублер күні - бұл оқушылар нағыз мұғалімде бола алатын күн, сабақтарды жүргізудің маңызды екендігін сезіне алады. Күн қорытындысы бойынша дублер болған оқушылар жиналыс өткізіп, әр қайсысы өз пікірлерімен бөлісті және мұғалім болу тек қана қиын емес, қызықты екен деген ортақ ойға келді.

**Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам.**Бірыңғай класс сағаттары.**«Күзгі асар» жәрмеңкесі.** 2024 жылдың 1 қазан күні мектебімізде "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы негізінде, "Еңбегі адал - жас өрен" жобасы аясында, "Күзгі асар" жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Қайырымдылық жәрмеңкенің мақсаты - оқушылардың бойына ізгілік, қамқорлық, қайырымдылық сынды асыл қасиеттерді дарыту, риясыз мейірімді болуға үйрету, ой, сөз, қол бірлестігі туралы ұғымын кеңейту. Қайырымдылық шараға жаңашырлықпен 8 класс оқушылары өз үлестерін қосты. Игі істер шарасынан түскен қаражат қайырымдылық мақсатында, мектебіміздің ата-анадан жетім қалған оқушылардың есепшотына салынды.

**«Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылығына сәйкес класс сағаты.** Бірыңғай класс сағаттары.

**Мектеп Парламенті президентінің сайлауы.**

Білім ордамызда 2024жылдың 17 қазан күні – «Парламент» өзін –өзі басқару ұйымының президентінің сайлауы өтті. Мектебіміздің мұғалімдері мен оқушылары өз таңдауын жасап, дауыс берді.

**Мектеп парламентін ұлықтау рәсімі.** 2024жылдың 22 қазан күні «Парламент» өзін-өзі басқару ұйымының президентін ұлықта рәсімі өтті. Мектеп президенті – 11 «Г» класс оқушысы Шаймерденова Жанель сайланды.

**Табиғатқа қамқорлық жасаймыз**"Таза Қазақстан" акциясы: Жасыл болашаққа бірге үлес қосайық! Экологиялық сауаттылықты арттыру жене табиғатты сақтау құндылықтарын насихаттау мақсатында, бүгін мектебіміздің директоры Наримбетова Гульнара Мухангалиевна және тәрбие ісі жөніедегі орынбасары Имашева Айнур Утигеновна мен 10 «В»,10 «Ә» оқушылары класс жетекшілерімен мектеп ауласында тал егілді! Бұл акция тек ағаш егу ғана емес, қоршаған ортаға деге жауапкершілік пен болашақ,ұрпаққа қалдыратын құндылықтарды көрсетеді.Таза ауа, жасыл әлем, салауатты өмір - біздің,ортақ мақсатымыз. Әрбір тал болашаққа жасалған инвестиция.

**Қараша – әділдік және жауапкершілік айы «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс»**

**Бірыңғай класс сағаттары.**

**«Ұшқыр ой алаңы» жобасы бойынша зияткерлік ойын.** 9 класс оқушылары арасында « IQAP» брей ринг зияткерлік ойыны өткізілді.

**«15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні» класс сағаты Бірыңғай класс сағаттары.**

**«Үнемді тұтыну» акциясы** "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы негізінде мектебіміздің "Парламент" өзін-өзі басқару ұйымы "Үнемді тұтыну" акциясын ұйымдастырды. Мақсаты- оқушыларға суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.Оқушылар жарыса шығармашылық жұмыстар орындап, үнемдеу жолдарымен бөлісті.Суды, энергияны үнемдеуді өзімізден бастайық!

**«Таза бейсенбі»** Бүгін біздің мектепте "таза бейсенбі"акциясы өтті. Балалар кабинеттерді, ауланы белсенді түрде тазалап, гүлдерді суарды. Барлығы жайлы және таза атмосфера құру үшін бірге жұмыс істеді. Бұл барлық мектеп оқушыларын ортақ мақсат үшін біріктірген керемет іс болды.

**«Үнемді тұтыну» акциясы** "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы негізінде мектебіміздің 5 класс оқушылары "Үнемді тұтыну" акциясын ұйымдастырды. Мақсаты- оқушыларға суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.Оқушылар жарыса шығармашылық жұмыстар орындап, үнемдеу жолдарымен бөлісті.Суды, энергияны үнемдеуді өзімізден бастайық!

